

"18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындағанда нормативтік карточкада келтірілген орташа түсімді (өнімділікті), өндірістік шығыстардың орташа көрсеткіштерін үйлестіру және жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеу үшін статистика органдары ұсынатын бағаларды түзету туралы" Таран ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қаңтардағы N 19 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 125 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 22 мамырда № 9-18-69 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 129 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2009.04.27 № 129 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы № 1092 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын жүзеге асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" қаулысымен бекітілген балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу ережесінің 30-тармағы 7-бөліміне сәйкес, Таран ауданның әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындағанда нормативтік карточкада келтірілген орташа түсімді (өнімділікті), өндірістік шығыстардың орташа көрсеткіштерін үйлестіру және жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысты есептеу үшін статистика органдары ұсынатын бағаларды түзету туралы" Таран ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қаңтардағы № 19 қаулысына өзгеріс енгізілсін (2008 жылғы 8 ақпандағы мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-18-63, 2008 жылғы 22 ақпандағы № 8 "Шамшырақ"):

1 тармақтағы "30" саны "80" санына ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Р.М. Бермағамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Таран ауданының әкімі

А. Ахметжанов

КЕЛІСІЛДІ

"Таран ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалары
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Л. Өтешева

"Таран ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

В. Пирог

Таран аудандық статистика
бөлімінің бастығы

Н. Верховод